<ul style="list-style-type: none"> - логистикалық арналар мен логистикалық желілілердің, кәсіпорынның қызметін маркетингтік басқаруды іске асыру мен ерекшеліктерін білу; -ұйымның мақсаттар жүйесін анықтай білу, оларды іске асырудың стратегиясы мен тактикасын әзірлеу; басқару жүйесіне талдау жасау; жаһандану жағдайында үкімет пен бизнестің рөлін түсіну. 	Men1404 Менеджмент Mar1405 Маркетинг MB2406 Мемлекет және бизнес Log3407 Логистика
Модуль 3 «Қаржы және несие»	
<ul style="list-style-type: none"> -әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу мақсатында несие мен ақшаны қолдану түрлері мен әдістерін, салық түрлері мен салық заңдарын реттеу нормаларын білу; - ақшалай қаражаттарды басқару және болжай алу; -қаржылық ақпаратты түсіну және түсіндіру. 	ANB1408 Ақша, несие, банктер Kar2409 Қаржы SSS2410 Салық және салық салу
Модуль 4 «Бухгалтерлік есеп және аудит»	
<ul style="list-style-type: none"> - компанияның бухгалтерлік есеп және есеп беру жүйесін ұйымдастыру, халықаралық стандарттарға сәйкес қаржылық есептілікті қалыптастыру қағидаларын және қаржылық-шаруашылықтық қызметтерді аудиторлық тексерудің негіздерін ұйымдастыру білу; -бухгалтерлік есептің әдістері мен тәсілдерін қолдана алу; аудиторлық қорытындыны құра алу; -тексеру мақсатына сай аудиттің бағдарламалары мен жоспарларын құру әдістемесін игеру. 	BE2411 Бухгалтерлік есеп Aud2412 Аудит ETN2413 Экономикалық талдау негіздері
Модуль 5 « Экономиканы сандық бағалау»	
<ul style="list-style-type: none"> -экономикалық зерттеулерде қолданылатын статистикалық ақпарат көздерін, статистикалық көрстекіштерді, негізгі статистикалық және эконометрикалық әдістерді білу; -эконометрикалық моделдерді құру қабілеті; оларды тексеру және верификациялау әдістерін игеру. 	Sta2414 Статистика Eko3415 Эконометрика
Модуль 6 «Ықтималдықтар теориясы және сызықтық алгебра»	
<ul style="list-style-type: none"> - Жалпы біркелкі құбылыстардың көп кездейсоқ факторларының өзара әрететтесуі кезінде пайда болатын ықтималдық заңдылықтарды, сонымен қатар ғылыми және тәжірибелік қорытындылар үшін статистикалық деректерді қолдану және жүйелеудің математикалық әдістерін білу. - Ықтималдық модельдерді құра алу; - Алға қойған мақсаттарға сай математикалық статистикалық әдістерді қолдана отырып деректерді талдау және өңдеу. - Кәсіби міндеттерді шешуде алгебралық әдістерді қолдану. 	ITMS1416 Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика SA1417 Сызықтық алгебра
Модуль 7 «Кәсіпорын экономикасы»	
<ul style="list-style-type: none"> - Кәсіпорын қызметінің бастапқы білімін және оның классификациясын, құрылымын және қаржысын игеру; 	Kas1418 Кәсіпкерлік OE3419 Өнеркәсіп экономикасы

<ul style="list-style-type: none"> - фирма қызметін талдау және кәсіпорынның қызметін жоспарлау негіздерін білу. - Кәсіпорынның негізгі пішіні мен түрлерін білу - кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруда құзырлы болу. 	
Модуль 8. «Институционализм және экономиканы мемлекеттік реттеу»	
<ul style="list-style-type: none"> - Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеуде қолданылатын құралдар мен әдістерін талдай алу; - мемлекеттік саясатты жүзеге асыру механизмін түсіну; - институционалды экономиканың негізгі концепцияларын және институттардың экономикалық талдау әдістерін білу. 	EMR2420 Экономиканы мемлекеттік реттеу IE2421 Институционалды экономика
Модуль 9 «Экономикалық ғылымның дамуы»	
экономикалық ғылымның даму заңдылықтарын және маңызды кезеңдерін білу; экономикалық ғылым дамуының тарихи тәжірибесін талдау және оның даму тенденцияларын жүзеге асыруды игеру; экономикалық және саяси процесстерді түсіну қабілеттілігі.	EIT1422 Экономикалық ілімдер тарихы KSE3423 Кәзіргі саяси экономия
Модуль 10. «Микро-макроэкономика (intermediate)»	
макро және микро деңгейдегі заманауи экономиканың қызмет ету заңдылықтарын білу; мемлекеттің экономикалық агенттердің іс-әрекетіне әсерінің салдарын, олардың экономикалық іс-әрекетінің нәтижесін және әлемдік экономиканы талдай білу; экономикалық үрдістерді моделдеу әдістерін игеру.	Mik2424 Микроэкономика (intermediate) Mak3425 Макроэкономика (intermediate)
Модуль 11. «Экономиканы модельдеу және болжау»	
Салалық нарықтардың жағдайлары мен келешегін талдай білу; фирмалардың бәсекелес өзара әсерінің ерекшеліктері мен олардың формалары мен механизмдерін білу. Экономикалық үрдістерді моделдеуде математикалық әдістерді қолдана білу қабілеттілігі; экономиканың макроэкономикалық параметрлерін білу және оны талдай білу.	SNT2426 Салалық нарықтар теориясы EMTB3427 Экономикадағы деректерді талдау және болжау
3.3 Жеке білім траекторияларының модулдері (ЖБТ)/ТК	
ЖБТ 1 «Фирма экономикасы және кәсіпкерлік»	
<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми мақалаларды жаза білу және қазақша/орысша/ шет тіліндегі ғылыми пікірталастарға қатысу; -нарықтық инфрақұрылымның неізгі элементтерін білу; -ұлттық экономика дамуындағы кәсіпорын рөлін білу; -индустриялды әлуеттің дамуын тенденцияларын талдай білу және оны сипаттайтын көрсеткіштерді есептеу; -қоғамдық сектордың ерекшеліктерін түсіну; -қаржылық және несиелік операцияларды сандық талдауды жүзеге асыру және Excel-дегі қаржылық функциялармен жұмыс жасай алу; - кәсіпорындағы бизнес-жоспарлау әдістерін игеру; - кәсіпкерліктің құқықтық негіздерін, кәсіпкерлік құпиясы түсінігі мен оны қорғау әдістерін, кәсіпкерлік бойынша ҚР-ның негізгі заңнамалық актілерін білу; -кәсіпорынның шаруашылық қызметін экономикалық талдай алу қабілеттілігі; нақты жобалардың бизнес-жоспарын құру; - инвестицияның тиімділігін бағалау әдістемесіне игеру; -инвестициялық жобаның тәуекелін талдаудың заманауи әдістермен өткізуді білу; -инвестициялық портфельді басқару, бағалау және құруды үйрену, -экономикалық қызметті стратегиялық басқару әдістерін қолдана алу және білу; -кәсіпорынның өндірістік және экономикалық мүмкіндіктерін талдау және кәсіпорынның бәсекеқабілеттілігін бағалай білуі; -жобалық шешім қабылдау және оптималдау әдістерін білу; -инвестициялық тәуекелділікті талдау және оны практикада болдырмау. 	SW 3501 Scientific writing RIE3502 Нарық инфрақұрылымының экономикасы EOS3503 Өндірістік сала экономикасы KSE3504 Қоғамдық сектор экономикасы KM3505 Қаржылық математика IFZh3506 Фирмаішілік жоспарлау BU 4507 Бизнесіті ұйымдастыру KK4508 Кәсіпкерлік құқық IZh4509 Инвестициялық жобалау FKET4510 Фирма қызметін экономикалық талдау KIT4511 Кәсіпкерлік іс-әрекеттің тәуекелділігі BOA4512 Басқаруды оңтайландыру әдістері IB4513 Инвестициялық бағалау

ЖБТ 2 «Экономикалық модельдеу және экономикалық саясат»	
<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми мақалаларды жаза білу және қазақша/орысша/ шет тіліндегі ғылыми пікірталастарға қатысу; -экономикалық есептерді шешуде модельдеу және математикалық анализ әдістерін қолдану қабілеті; -экономикалық құбылыстар мен процестердің дамуын болжау және қалыпты жағдайын бағалау үшін модельдер қолдану және құру әдістемесін игеру; -макроденгейдегі экономиканың дамуын болжау және қазіргі жағдайын бағалай алу; -экономикалық саясат құралдарыны, әдістемесі және негізгі бағыттарын білу; -экономикалық реттеу саласында қабылданған шешімдердің макроэкономикалық салдарын талдау; -жаһандану жағдайындағы дамушы елдердің экономикалық процестерінің ерекшеліктерін білу және әлемдік жүйедегі рөлі мен орнын анықтау; -салалық нарықтағы көптеген модельдерді талдау және нарықтық шоғырландыру көрсеткіштерін есептей алу; -нақты эконометрикалық есептерді шығару, талдау және болжай алу; - кеңістіктегі экономикалық саясаттың аналитикалық құралдар жинағын игеру; - кездейсоқ шама мен векторлардың мағынасы бойынша алынған динамика- статистикалық ақпараттарды ішінара уақыттық байқау, талдау мен өңдеуді ғылыми зерттеу және ұйымдастыру әдістерін білу; -әлеуметтік теңсіздікті талдау әдістемелік тәсілдері мен негізгі әдіснамалық көзқарастарды игеру; -заманауи қоғамды талдау үшін стратификациялық құралдар жинағын игеру. 	<p>SW 3501 Scientific writing MZhTM3502 Макроэкономикадағы жалпы тепе-теңдік EKSA3503 Экономикадағы көпөлшемді статистикалық әдістер EOZ 3504 Экономикадағы операцияларды зерттеу PDE3505 Панельді деректер эконометрикасы EODT 3506 Экономикалық өсу мен даму теориясы KEMS4507 Кеңістіктік экономика және мемлекеттік саясат UKT4508 Уақыттық қатарларды талдау UE4509 Ұлттық экономика SNM4510 Салалық нарықтар модельдері MMB4511 Макроэкономикалық модельдеу және болжау KE4512 Қолданбалы эконометрика AEKAS4513 Әлеуметтік-экономикалық қатынастар және әлеуметтік стратификация</p>
ЖБТ 3 «Салалық экономика»	
<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми мақалаларды жаза білу және қазақша/орысша/ шет тіліндегі ғылыми пікірталастарға қатысу; -нарықтық инфрақұрылымның негізгі элементтерін білу; -салалық нарықтың қызмет етуінің ерекшеліктері және негізгі нарықтың экономикалық субъектілерінің қызметін талдау қабілеттілі; -экономикалық талдау әдістері мен құралдарын қолдана білу және экономикалық үрдістерді талдау барысында алған білімді практикада, яғни қызмет көрсету, ауыл шаруашылық және өнеркәсіп саласында қолдану; - экономиканың жетекші салаларының дамуын болжау және қазіргі жағдайын бағалай алу; -табиғатты тиімді қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, шаруашылығы механизмінің негізгі мазмұнын білу; -қоршаған ортадағы шаруашылық қызметтің салдарын алдын-ала көре білу және болжау; -тұрғын-үй саласындағы экономика механизмін және оның негізгі элементтерін, тұрғын-үй нарығының инфрақұрылымын білу; -мүліктік нарық дамуының негізгі мәселелерді түсіну; -денсаулық сақтау және білім беру жүйелерін қаржыландыру қағидалары мен көздерін; денсаулық сақтау мен білім беру кәсіпорындарының қызметінің базистік микроэкономикалық ерекшеліктерін білу; -Қазақстандағы туризм және қонақжайлық индустриясының мәселелерін шешу; -заманауи әлемдегі туризмнің рөлін және оның негізгі экономикалық көрсеткіштерге әсерін анықтау; -көлеңкелі экономиканың бар болуының себептерін және оның көлемін қысқартудың әдістерін білу; -аймақтық, қалалық және елдік деңгейдегі экономикалық мәселелерді және мемлекеттік саясатты талдай білу; 	<p>SW 3501 Scientific writing RIE 3502 Нарық инфрақұрылымының экономикасы BBE3503 Білім беру экономикасы KSE3504 Қоғамдық сектор экономикасы KSE3505 Қызмет көрсету саласының экономикасы OE3506 Өнеркәсіптік экономика ASES4507 Аграрлық сектор экономикасы ZhMRE4508 Жылжымайтын мүлік нарығының экономикасы TPE4509 Табиғатты пайдалану экономикасы KE4510 Көлеңкелі экономика DSE4511 Денсаулық сақтау экономикасы TE4512 Туризм экономикасы AE4513 Аймақтық экономика</p>
3.4 Пәнаралық модуль	
<ul style="list-style-type: none"> -әлемдік экономикадағы негізгі заңнамалар бойынша ҚР-дағы 	<p>IK3601 Инновациялық кәсіпкерлік</p>

интеллектуалдық қызметінің нәтижелеріндегі құқықты реттейтін нормативтік актілерді; бастапқы деректерді талдау және зерттеу жүргізу әдістерін білу; -көптеген тарихи замандарға қатысты өндірістік күшті дамыту заңдылықтарын анықтай алу; -халықаралық экономикалық қатынастар дамуындағы тенденцияларды түсіну; -сақтандыру кескінінің параметрлерін есептеу әдістемесін қолдана алу; инновация және инновациялық қызметтерді ынталандыру сферасындағы кәсіпкерлік қызметтер мен өзекті міндеттерді шешудің практикалық дағдыларын жетілдіру.	(сала бойынша) ІК3602 Интеллектуалдық құқық ЕТ3603 Экономикалық тарих НЕ3604 Халықаралық экономика ЕМА3605 Экономикалық-математикалық әдістер SM3606 Сақтандыру математикасы
4. Кәсіптік практика	
4.1. Оқу практикасы	
- практика негізі болып табылатын ұйым қызметін реттейтін нормативті -құқықтық базаны білу, -қызметтерді талдау, жоспарларды құру және басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін қажетті статистикалық мәліметтерді жинау және өңдеу дағдыларын игеру; -ақпаратты іздеу және жүйелеу үшін заманауи технологияларды қолдана білу; -зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жұмыстарды талдау және тандауды жүзеге асыра алу;	ОР201 Оқу практикасы ОР302 Оқу практикасы
4.2. Өндірістік практика	
- біліктілікті көтеру қабілеттілігі; -деректерді жинау, талдау болжау және шаруашылық субъектілерінің экономикалық көрсеткіштерін есептей алу; -қаржылық және бухгалтерлік ақпаратты талдау қабілеттілігі; -ұйымдастыру және басқару қызметіндегі дағдылар; -кәсіби қызметтердегі құқықтық және этикалық нормаларды ұстану қабілеттілігі.	ОР401 Өндірістік практика
5.Қосымша оқыту түрлері	
-Қазақстан Республикасының спорт және дене шынықтыру саласындағы негізгі жетістіктерді және мемлекеттік саясатты білу; -спорт және дене шынықтыру біліміндегі теоретико-методологиялық, гигиеналық және ұйымдастырушылық негіздерін білу; - психофизикалық қабілеттіктер мен сапаны дамыту мен жетілдіру; денсаулықты сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ететін практикалық игерулер мен дағдыларды өмірде қолдану, -ауруға шалдығудың алдын алу, психикалық игілік пен тұлға сапасы мен қасиеттерін жетілдіру мен дамыту үшін дене шынықтыру және спорт құралдарын пайдалану тәжірибесін игеру.	DSh Дене шынықтыру

5B050700-Менеджмент мамандығы

Мамандықтың коды мен атауы	5B050700 – Менеджмент
Берілетін академиялық дәрежесі	5B050700 - Менеджмент мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры
Оқу ұзақтығы	2013-2017 жж.
Оқу тілі	Қазақша/Орысша/Ағылшын
Факультет	Экономика және бизнес Жоғары мектебі
Кафедра	Менеджмент және маркетинг
Бағдарламаның мақсаты мен оқу нәтижелері	
Бағдарлама теориялық білім және экономика мен менеджмент біліктілігін меңгерген, басқару жұмыстарын жүргізуде практикалық дағдыға ие болған, іс жүргізетін мекемелердің жұмыстарының негізгі бағыттарын білетін, ең бастысы бизнес аясындағы жұмыстарға аса қажетті жоғары дәрежедегі менеджмент мамандарын даярлауға бағытталған. Бағдарлама аса қажетті, ең бастысы, бизнес аясында жұмыс жүргізуге керекті, сонымен бірге жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу орталықтарының сұранысын қанағаттандыратын, сыртқы экономиканың жұмыстарын басқару ісін жүргізе алатын, экономикалық стратегия мен экономикалық саясатты жоспарлай білетін, халықаралық, аймақтық институттардың және мекемелердің сұранысын қанағаттандыратын, сонымен бірге экономиканы тиімді басқарудың жолдарын іздестіретін сараптау орталықтарына қажетті мамандар даярлауға бағытталған.	

Білім беру-кәсіби бағдарламасының мазмұны

Күзiреттiктер	Пәндер
МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ МОДУЛІ	
<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанның әлемдік және еуразиялық тарихи үрдіс шегіндегі мемлекеттілігінің дамуының жаңа тарихи кезеңдерінің негізгі сатыларын білу; - ҚР-ның дамуының қазақстандық моделінің табыстылығының факторларын қорытындылау үшін ғылыми-тарихи және философиялық білімді еркін саралау және шығармашылық тұрғыдан пайдалана білу; - Қазақстан Республикасының көптілдік әрі көп мәдениетті социумында және халықаралық аренада қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін тілдік және лингвомәдени білімді пайдалану. 	<p>ІК 1101 Қазақстан тарихы РОК(R)Ya 1102 Кәсіби бағытталған қазақ (орыс) тілі POIYa 1103 Кәсіби бағытталған шетел тілі FNP 2104 Ғылыми таным философиясы</p>
ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІК МОДУЛЬ	
<ul style="list-style-type: none"> - қоғамдық-құқықтық нормалар мен әр түрлі мәдени және конфессиялық дәстүрге деген толеранттылыққа негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу; - табиғат пен қоғамның дамуы мен қызмет етуінің негізгі заңдылықтарын білу, әр түрлі әлеуметтік-экономикалық, саяси және төтенше жағдайларға бағдарлана білу. 	<p>PMK 2201 Тұлғааралық коммуникациялар психологиясы TPP 2202 Теориялық және қолданбалы саясаттану ELSU 2203 Жеке және әлеуметтік табыстылықтың этикасы KR 2204 Мәдениет пен дін OPS 2205 Жалпы және қолданбалы әлеуметтану BZhCh 2206 Адам өмірінің қауіпсіздігі EUR 2207 Экология және тұрақты даму KP 2208 Қазақстан құқығы OE 2209 Экономика негіздері</p>
КӘСІБИ МОДУЛЬ БЛОГЫ	
1.1. Жаратылыстану-ғылыми (STEM) модулі	
<ul style="list-style-type: none"> - Заманауи әлемдегі математиканың орны мен ролін білу; - Ұйымдастырушылық-басқарушылық міндеттерді модельдеу кезінде талдау геометриясы, сызықтық алгебра, математикалық талдау және ықтималдылық теориясының негізгі түсініктері мен әдістерін пайдалана алу; - Кәсіби міндеттерді шешуде бағдарламалық камсыздандыруды қолдана білу; - Мәтіндік, графикалық және кестелік материалдарды дайындаудың әдіс-тәсілдерін игеру. 	<p>EM 1301 Математикадағы экономика KMAT 2301 Кәсіби мақсаттағы ақпараттық технологиялар</p>
1.2. Базалық кәсіби модульдер	
Модуль 1 «Экономикаға кіріспе»	
<ul style="list-style-type: none"> - Экономикалық дамудың заңдылығын білу; - Заманауи экономикалық өмірдегі микро және макро деңгейдегі ұйымдардың негізгі ұстанымдарын білу; - Экономикалық талдаудың алғашқы дағдыларын иелену; - Заманауи экономикадағы үдерістерді, жағдайларды, көріністерді және мәселелерді саралай білу; - Экономикалық ілімдегі экономиканың эволюциялық дамуын білу. 	<p>Mac2401 Макроэкономика Mic1401 Микроэкономика EK1402 Экономика қағидалары EIT1403 Экономика ілімдері тарихы</p>
Модуль 2 «Менеджмент және маркетинг»	
<ul style="list-style-type: none"> -Заманауи басқару теорияларын және олардың даму тенденцияларын; маркетингтің мақсаттарын, талаптарын, функцияларын және ұйымдағы атқаратын ролін; мемлекет және бизнес арасында туындайтын мәселелерін, мелекеттік кәсіпкерліктің экономикалық мазмұнын; логистикалық үдерістің негізгі элементтерің және кезеңдерін, логистикалық үдерістің көрсеткіштерін және әдістерін білу. - әртүрлі ұйымдастыру-құқықтық формалы ұйымдарда профессионалды басқарушылық, коммерциялық жұмыстарды жүргізуді; нарықтық жағдайды талдауды; нарықтық мүмкіндіктерін және қауіптерін, ұйымдағы маркетингті басқарудың күшті жақтары 	<p>Men 1402 Менеджмент Mar 1403 Маркетинг MB 1406 Мемлекет және бизнес Log 3401 Логистика</p>

<p>мен кемшіліктерін анықтауды; логистикалық үдерісті ұйымдастыруды; логистиканың корсеткіштерін есептеуді игеру қажет.</p> <ul style="list-style-type: none"> - еңбекті ғылыми ұйымдастыру, ақпаратты жүйлеу және қолдану; жаһандану жағдайында маркетингтік шешімдерді жасау; мемлекеттік реттеу механизмдерін қолдану әдістерін және логистикалық үдерісті жоспарлау және басқару дағдыларын меңгеру қажет. 	
Модуль 3 «Қаржы және несие»	
<ul style="list-style-type: none"> - салық салу теориясын және экономикадағы несиенің, қаржының рөлін білу; - мемлекеттің қаржы-несие жүйесінің құрылымын, әр буынның мінездемелерін, салық төлеушілердің құқығы мен міндеттерін білу; - ұйымдардың және басқа да экономикалық қатынастардың субъектілерінің қызметі мен мемлекеттегі қаржы саясатына талдай жасай білуі; - нақты жағдайды талдауда қаржы және несие мәселелерін ашып көрсету, оларды шешу жолдарын ұсыну және күтілетін нәтижелерді бағалай білу; - тәжірибе қызметінде қаржылық талдау әдістерін қолдану, жоспарлау және болжай білу; - инвестицияны қаржыландыру және несиелендіруді қаржылық жоспар құрылымында негіздей білу; - ұйымның тиімді жұмысы үшін қаржылық тұтқаларды ұтымды қолдана білу. - қаржы және несие саясатындағы қойылымның мақсатына дағдылану; - қаржылық мәліметтер жинақтау және талдауға қисынды дағдылану; - заңды және жеке тұлғалардан алынатын, тікелей және жанама салықты есептеу әдіснамасын білу. 	<p>Fin 2402 Қаржы SS 2403 Салық және салық салу</p>
Модуль 4 «Есеп және аудит»	
<ul style="list-style-type: none"> - Мәліметтерді тіркеу және жинақтау, өлшеу, бақылауға дағдылану; - Қолданушылардың әр түрлі топтарына арналған ақпаратты құжат ретінде рәсімдеп, сақтап, өзгерте білу; - Бағалау мен экономикалық есептеу, олардың есептің базалық тұжырымдарын баланстық жалпылаулармен, кәсіпкерлік мақсаттарымен байланыстыруға дағдылану; - Шаруашылық жүргізетін субъектіні басқарушылық есеп функцияларын тәжірибелік жүзеге асыруда бухгалтерлік есептің тәсілдерін қолдана білу; - Кәсіпорынның ішкі және сыртқы бухгалтерлік есептілігінің көрсеткіштерін құрастыру үшін есептік ақпаратты қолдана білу; - Кәсіпорынның қаржылық жағдайын және оның шаруашылық, қаржылық іс – әрекетін бағалау дағдылары; - Кәсіпорынның есептік саясатын, соның ішінде салықтық жоспарлауды құра алу; - Салықтар мен салымдар бойынша есепті жүзеге асыра білу; - Аудиттің заманауи теориясы мен практикасының негізгі мәселелерін білу, олардың даму тенденциясын талдай білу және қойылған міндеттерді шешудің оптималды жолдарын таңдай білу; - Аудиторлық тәжірибе саласында қойылған міндеттерді шешудің әдіс- тәсілдерін теориялық тұрғыдан негіздей білу. 	<p>BE 2404 Бухгалтерлік есеп Aud 2405 Аудит</p>
Модуль 5 «Экономикадағы сандық бағалау»	
<ul style="list-style-type: none"> - Микро және макродеңгейлердегі заманауи экономиканың қызмет ету заңдылықтарын білу; - Эконометрика мәселелері жайлы кәсіби журналдарда жарияланған жаңашыл зерттеулердің негізгі нәтижелерін білу; - Мағыналы есептерді шығару үшін заманауи математикалық инструментарийді қолдана алу; - Эконометрикалық есептерді шығару үшін заманауи бағдарламалық қамтамасыз етілімді қолдана алу; - Оқытылып жатқан құбылыстар мен үрдістерге кешенді талдау жүргізе алу, қажетті есептеулерді жүргізу және негізгі нәтижелерді құрастыра алу; 	<p>Eco 3402 Эконометрика Sta 2406 Статистика</p>

<ul style="list-style-type: none"> - Кәсіби сферада ғылыми зерттеулер жүргізудің әдістері мен әдістемесіне дағдылану; - Микро және макроэкономикалық модельдеудің дағдыларын заманауи құралдар көмегімен жүзеге асыруға дағдылану. 	
Модуль 6 «Басқарушылық шешім және ұйымдастырушылық мінез-құлық»	
<ul style="list-style-type: none"> - Басқарушылық шешімдердің негізгі ұғымдарды, категорияларын және жасау құралдарды, басқарушылық шешімдерді жасау үдерістің негізгі кезеңдерді, басқарушылық шешімдер әдістерінің классификациясын; мәселені диагностикалау кезеңінде қолданылатын әдістерді, заманауи ұйымның бизнестегі шешім қабылдау әдістерінің ролін, басқарушылық әрекетті қамтамасыз етудің ақпараттық технологиялардың құралдарын білу керек. - Әртүрлі меншік формадағы кәсіпорындардың есептеліктерде көрсетілген қаржылық, бухгалтерлік және басқа ақпараттар негізінде талдауды жасауды игеру керек және оның нәтижелерін басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін қолдана білу; шешімдерді жасау барасында заманауи әдістерді және экономикалық ақпаратты компьютерлік технологиялар арқылы талдау жүргізуді <i>игеру қажет</i>. - Басқарушылық мәселелердің класын анықтаудың, ең тиімді әдісті таңдаудың, қабылданған басқарушылық шешімнің экономикалық және әлеуметтік салдарын анықтаудың практикалық дағдыларын <i>меңгеру қажет</i>, ұйымның күшті жақтарын және кемшіліктерін анықтау барысында ақпараттық технологияларды қолдануды пайдалана білу. - Басқару шешімдеріне негізделген ішкі және сыртқы орта диагностикасын өткізуде ақпараттық технологияларды пайдалану 	<p>BSh 2403 Басқарушылық шешім</p> <p>UM 2404 Ұйымдастырушылық мінез-құлық</p>
Модуль 7 «Бизнес-менеджмент және персоналды басқару»	
<ul style="list-style-type: none"> - персоналды, өндірісті басқару және бизнесті ұйымдастыру саласында ұйымдастырудың теориялық әдістемелік негіздерін білу; - персоналды, өндірісті басқарудың және бизнесті ұйымдастырудың негізгі қағидаларын, әдістерін практикада қолдана білу; - өндірісті тиімді жұмыс істеуді, персоналды оптималды пайдалануды, бизнесті дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ететін әдістерді, тәсілдерді және дағдыларын меңгеру; 	<p>OM 2405 Өндірістік менеджмент</p> <p>PB 3403 Персоналды басқару</p> <p>BU 1406 Бизнесті ұйымдастыру</p>
Модуль 8 «Сапаны және өнімділікті басқару»	
<ul style="list-style-type: none"> - сапа мен өнімділікті басқару саласындағы теориялық әдістемелік, ұйымдастырушылық негіздерді білу; сапа мен өнімділікті басқару саласындағы негізгі қағидаларды қолдана білу; сапа мен өнімділікті басқару саласындағы әдістер, үлгілер мен қабілеттерді игеру; - отандық кәсіпорындардың өнімдерін және қызметтерін сыртқы нарыққа шығуды қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті өндірісті құру барсында шетелдік, әсіресе жапондық, сапаны басқару саласында тәжірибесін қолдана білу. 	<p>UK 3401 Сапаны басқару</p> <p>UP 4401 Өнімділікті басқару</p>
Модуль 9 «Жобаларды басқару және корпоративті басқару»	
<ul style="list-style-type: none"> - Өзара тәуелді жекелеген міндеттерді бөлу қабілеті, жобаның жүзеге асырылуын талдау; -үдерісті талдау қабілеті және ұйымдық өзгерістерді басқару тәжірибесінің мәселелері, басқару практикасының тиімді жолдарын табу. - кешенді талдау әдістерін игеру және инвестициялық жобалардың әлеуметтік экономикалық тиімділігін бағалау; - менеджменттің құндылық бағытын ескере отырып басқару шешімдерін қабылдауды игеру; -жоғары звенолы ынталандыру жүйесінің әдістерін игеру, корпорацияның дивидендтік саясатын талдау, акционерлердің әлауқатнына әсері және оның тиімділігі 	<p>ZhB 3402 Жобаларды басқару</p> <p>KB 4402 Корпоративті басқару</p> <p>OB 3403 Өзгерістерді басқару</p>
1.3. Жеке білім траекторияларының модулдері (ЖБТ)/ТК	
ЖБТ 1 «Стратегиялық (жалпы) менеджмент»	

<ul style="list-style-type: none"> - нарықтық экономика жағдайында экономикалық ұйымдарда, операциялық жүйелерде стратегиялық басқару ерекшеліктерін, әдістемелік негіздерін білу; - сыртқы ортаның өзгеру жағдайында стратегиялық басқарудың негізгі бағытын, мақсаттарын, бағалау критерийлерін, базалық стратегияларының баламаларын, стратегиялық талдаудың әдістерін, ішкі потенциалын анықтай білу; - кәсіпорынның оптималды стратегиясын таңдау барысында жоспарлау және болжау әдістерін меңгере білу. - кәсіпорынның әлеуметтік даму факторларын бағалай білу және компанияның даму стратегиясын жасау - бизнесті бағалаудың заманауи әдістері мен нысандарын қолдану қабілеттерін игеру - халықаралық деңгейде кәсіпорынның даму стратегиясын қалыптастыру мен жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін игеру 	<p>SM 3501 Стратегиялық менеджмент KM 4503 Кризис-менеджмент BKB 3507 Бәсекеге қабілеттілігін басқару ASB 4504 Әлеуметтік саланы басқару BB 4501 Бизнесті бағалау ShB 3503 Шығындырды басқару KM 4502 Консалтинг-менеджмент BZh 3502 Бизнес-жоспарлау TB 3506 Тәуекелдерді басқару NM 3504 Халықаралық менеджмент USEKB 3505 Ұйымның сыртқы экономикалық қызметін басқару OB 4505 Өнімді басқару</p>
ЖБТ 2 «Адами ресурстарын басқару»	
<ul style="list-style-type: none"> - еңбек заңнамасы, еңбек қауіпсіздігі, еңбек коллективін құрастыру, кадрлік резервті құрастыру, персоналды аттестациялау, персоналды басқару, еңбектің психофизиологиясын, эргономикасын және эстетикасын қамтамасыз ету, жұмыстан босатылған адамдармен жұмысты ұйымдастыру салаларында туындайтын мәселелерді білу қажет. - персоналды басқару стратегиясын, кадрлық саясатын, кадрлық жұмыстың жоспарын жасауды, кадрлық потенциалды талдауды, мамандарға қажеттілікті анықтауды, персоналдың квалификациясын жоғарлатуды ұйымдастыруды игеру керек. - басшылық пен мамандардың біліктілігін арттыру, көтеру және қайта дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мен бақылауды жоспарлай білу - кәсіпорынның әлеуметтік даму факторларын бағалай білу және компанияның даму стратегиясын жасау 	<p>ZhB 3501 Жұмысбастылықты басқару ERE 3502 Еңбек ресурстарының экономикасы PPD 3503 Кәсіби әрекеттің психофизиологиясы EE 3504 Еңбек экономикасы EU 3505 Еңбекті ұйымдастыру EN 3506 Еңбекті нормалау PM 3507 Персонал-маркетингі UADB 4501 Ұйымның әлеуметтік дамуын басқару ShEET 4502 Шетел елдердегі еңбекақысын төлеу EKZhT 4503 Еңбек көрсеткіштерін жүйелік талдау KB 4504 Конфликтерді басқару ES 4505 Еңбек социологиясы</p>
ЖБТ 3 «Инновациялық менеджмент»	
<ul style="list-style-type: none"> - дағдарыс құбылыстардың динамикасын ескере нарықтық экономика жағдайында инновациялық басқарудың негізгі бағыттарын, инновациялық менеджменттің негізгі формаларын, тиімді өндірісті дамытуға қажет жағдайларды жасау қағидаларын білу. - инновациялық жобаларды жасау және рәсімдеуді, инновациялық жобалардың бизнес-жоспарларын жасауды, инновацияны жасауға және меңгеруге типтік, лицензиялық келісім-шарттарды жасауды, инновацияның тиімділігін есептеуді игеру керек. - заманауи бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып жобаларды басқару әдістерін меңгеру, әртүрлі инвестициялау және қаржыландыру жағдайында инвестициялық жобаларды бағалау және технологиялық, өнімдік инновацияларды еңгізу дағдыларына ие болу керек. - инновациялық маркетинг бойынша теориялық білімді нығайту және тереңдету - Инновациялық стратегияны дұрыс жасау және жүзеге асыру - инновация негізінде дағдарысқа қарсы менеджмент біліктілігін игеру 	<p>IZhB 4503 Инновациялық жобаларды басқару IM 3501 Инновациялық менеджмент IM 3502 Инвестициялық менеджмент ShB 3503 Шығындырды басқару TM 3504 Тәуекел-менеджмент ZMB 3505 Зияткерлік меншікті басқару VBU 3506 Венчурлік бизнесті ұйымдастыру IM 3507 Инновациялық маркетинг IZhKB 4501 Инновациялық жобалардың құнын басқару IZhSB 4502 Инновациялық жобалардың сапасын басқару IST 4504 Инновациялық стратегиялар мен тактикасы INDKM 4505 Инновациялар негізінде дағдарысқа қарсы менеджмент</p>
1.4. Пәнаралық модуль	
<ul style="list-style-type: none"> - инновациялық салада кәсіпорынды құруының заманауи тәсілдерді және кезеңдерді білу; - зияткерлік әрекеттің нәтижелеріне құқық бұзышулықты анықтай білу және оны қорғауға бағытталған амалдарды қолдана білу; - кәсіби қызмет нәтижелерін құқықтық және басқа да құжаттарда рәсімдей алу; 	<p>IK 2601 Инновациялық кәсіпкерлік (салалар бойынша) ZK 2602 Зияткерлік құқық KK 2603 Кәсіпкерлік құқық EK 2604 Еңбек құқығы AE 2605 Әлемдік экономика</p>

<ul style="list-style-type: none"> - еңбек заңнамасымен және басқа еңбек құқығының нормаларын қамтитын актілермен, анықтамалық құқықтық жүйелермен жұмыс істеу білу; - нарықтағы шаруашылық субъектісінің экономикалық ахуалын бағалай алуы керек, инновациялық тактиканы таңдай алу. 	
4. Кәсіптік практика	
4.1. Оқу практикасы	
<ul style="list-style-type: none"> - жалпы кәсіби және арнайы пәндер бойынша алған теориялық білімдерді бекіту әрі тереңдету, тәжірибелік жұмыстың әдістері мен машықтарына меңгеру; - студенттердің компанияның нарықтық қызметін басқарудың қағидалары мен әдістерін зерттеуі; - Зерттеу мен өзіндік қызметінің элементтері мен машықтарын игеру, статистикалық және аналитикалық мәліметтермен, фирманың есеп беру мәліметтерімен жұмыс жасауды үйрену; - Кәсіпорында басқару қызметті ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу; <p>Тәжірибе нәтижелері бойынша есеп беруді құрастыру үшін қажет мәліметтерді жинау.</p>	
4.2 Өндірістік тәжірибе	
<ul style="list-style-type: none"> - алған теориялық білімді тәжірибеде бекіту, тереңдету және пайдалану, тәжірибелік қызметте машықтар мен әдістерді меңгеру; - студенттердің белгілі бір нақты компанияның жұмысының әдістері мен қағидаларын, ұйымдық құрылымын зерттеу; - студенттердің статистикалық және аналитикалық мәліметтер, компанияның есеп беру құжаттарындағы мәліметтермен жұмыс бойынша элементтер мен машықтарды меңгеруі; - ұйымның тәжірибесін зерттеу және оның қызметін талдау; - тәжірибенің нәтижесі бойынша есеп беруді құрастыру үшін қажет мәліметтерді жинау, өңдеу және талдау; - нақты кәсіпорынның мысалында бітіру жұмысын жасау бойынша жетекшінің индивидуалды тапсырмаларын орындау. 	
5.Қосымша оқыту түрлері	
<ul style="list-style-type: none"> -Қазақстан Республикасының спорт және дене шынықтыру саласындағы негізгі жетістіктерді және мемлекеттік саясатты білу; -спорт және дене шынықтыру біліміндегі теоретико-методологиялық, гигиеналық және ұйымдастырушылық негіздерін білу; - психофизикалық қабілеттіктер мен сапаны дамыту мен жетілдіру; денсаулықты сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ететін практикалық игерулер мен дағдыларды өмірде қолдану; -ауруға шалдығудың алдын алу, психикалық игілік пен тұлға сапасы мен қасиеттерін жетілдіру мен дамыту үшін дене шынықтыру және спорт құралдарын пайдалану тәжірибесін игеру. 	DSh Дене шынықтыру

5B050800-Есеп және аудит мамандығы

Мамандықтың коды мен атауы	Есеп және аудит–5B050800
Берілетін академиялық дәрежесі	Есеп және аудит–5B050800 мамандығы бойынша Экономика және бизнес бакалавры
Оқу ұзақтығы	2013-2017
Оқу тілі	Қазақша/Орысша/ағылшын
Факультет	Экономика және бизнес жоғары мектебі
Кафедра	Есеп және аудит
<p>Бағдарламаның мақсаты мен оқу нәтижелері</p> <p>ҚР білім берудің негізгі жалпыұлттық мақсатына сай «Есеп және аудит–5B050800» мамандығы үшін білім беру бағдарламасының мақсаты жаңа талаптарға сай бойынша жаңа талаптарға сай сапалы терең білімі бар, технология мен еңбек нарығының өзгерістеріне тез бейімделетін, топта жұмыс істей алатын, шығармашылық, әлеуметтік және мамандандырылған қызметке дайын, практикалық міндеттер мен мәселелерді анықталмағандық пен тәуекел сапалы түрде шеше алатын мамандарды дайындап шығару.</p> <p>Бұл мамандықтың бакалаврлары мамандандырылған қызметтің келесі түрлерін атқара алады: ұйымдастырушылық-технологиялық, бухгалтерлік, өндірістік-басқарушылық, жобалау-аналитикалық, ғылыми-зерттеушілік.</p> <p>Сондықтан олар меншіктің барлық түріндегі ұйымдар мен кәсіпорындарда, сонымен қатар және ғылыми-зерттеу және жобалық институттарда сұранысқа ие.</p> <p>«Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері келесі жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – экономика, өндірісті басқару және ұйымдастыру сферасында толыққанды, сапалы базалық білім беру; – дамудың жалпы интеллектуалдық жоғары деңгейін игеру, сауатты және дұрыс сөйлеуді үйрену, 	

гуманитарлық мәдениет, жоғары адами, эстетикалық және құқықтық нормалар, ойлау мәдениеті және еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларын игеру;
– шығармашылық әлеует, бастамалар мен жаңашылдықты дамыту;
– көпсатылы білім алудың келесі сатысында студенттердің оқуды үзбей жалғастыруы;
– еңбек нарығында бакалаврлардың бәсекеге қабілетті болуы.

Білім беру-кәсіби бағдарламаның мазмұны

Құзырлықтар	Пәндер
1. МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТТІ МОДУЛЬ	
<ul style="list-style-type: none"> - әлемдік және еуразиялық тарихи процесінің шеңберіндегі Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының (1991-2013 жж.) дамуының негізгі кезеңдерін білу; - Қазақстан Республикасын орнықты мемлекет болуға алып баратын жолда қолданылатын дамудың қазақстандық моделін жетістіктерге жеткізетін факторларды жалпылау мақсатында ғылыми-тарихи және философиялық білімді еркін түсіндіру және шығармашылық тұрғыда қолдана білу; - Қазақстандық және халықаралық аренадағы мәдениеттің әр түрлі ошақтары қатар өмір сүретін әрі көптілді социумда қарым-қатынас орнату мәселелерін шешу мақсатымен тілдер мен лингвомәдени білімдерді орынды қолдану. 	<p>КТ 1101 Қазақстан тарихы КВК(О)Т1102 Кәсіби бағдарлы казак (орыс) тілі</p> <p>KBShT1103 Кәсіби бағдарлы шетел тілі GTF2104 Ғылыми таным философиясы</p>
2. ӘЛЕУМЕТТІК – КОММУНИКАТИВТІ МОДУЛЬ	
<ul style="list-style-type: none"> - қоғамдық-құқықтық нормалар мен әр түрлі мәдени және конфессионалды дәстүрлерге қатысты қалыптасатын толеранттылыққа негізделген әлеуметтік-ұлттық құндылықтарды білу; - қоғам мен табиғаттың қызметі мен дамуының жалпы заңдылықтарын білу, әр түрлі қоғамдық-экономикалық, саяси және төтенше жағдайларға бейімделе білу 	<p>TKP2201 Тұлғааралық коммуникацияның психологиясы TKS2202 Теориялық және қолданбалы саясаттану ZhAOE2203 Жеке және әлеуметтік өрлеу этикасы MD2204 Мәдениет және дін ZhKA2205 Жалпы және қолданбалы әлеуметтану ATK2206 Адам тіршілігінің қауіпсіздігі ETD2207 Экология және тұрақты даму KK2208 Қазақстандық құқық EN 2209 Экономика негіздері</p>
3. КӘСІБИ МОДУЛЬДЕР БЛОГЫ	
3.1 Жаратылыстану-ғылыми (STEM) модулі	
<ul style="list-style-type: none"> - математика мен информатиканың фундаментальды негіздерін білу; - деректер базасын құрастыру және Интернет ресурстарын қолдана білу, кәсіби міндеттерді шешу үшін осы салада жинақталған білімі мен дағдыларын қолдану; - программалық құралдарды қолдану дағдылары мен компьютер желілерінде жұмыс істеу дағдыларын игеру. 	<p>EM1301 Экономикадағы математика KMAT2302 Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар (SPSS-тегі бағдарлау негізі)</p>
3.2. Базалық кәсіби модульдер	
<i>Модуль 1 «Экономикаға кіріспе»</i>	
<ul style="list-style-type: none"> - экономикалық дамудың заңдылықтарын, заманауи экономикалық өмірді микро- және макродеңгейлерде ұйымдастырудың негізгі принциптерін түсіну; - экономикалық талдаудың бастапқы дағдыларын игеру; - қазіргі кездегі экономиканың процестерін, жағдайларын, құбылыстары мен мәселелерін талдай білу; - Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеуде қолданылатын құралдар мен әдістерін талдай алу. 	<p>EK1401 Экономика қағидалары Mik1402 Микроэкономика Mak2403 Макроэкономика EMR2404 Экономиканы мемлекеттік реттеу</p>
<i>Модуль 2 «Экономиканы сандық бағалау»</i>	
<ul style="list-style-type: none"> - экономикалық зерттеулерде қолданылатын статистикалық ақпарат көздерін, статистикалық көрстекіштерді, негізгі статистикалық және эконометрикалық әдістерді білу; - эконометрикалық моделдерді құру қабілеті; оларды тексеру және верификациялау әдістерін игеру. 	<p>Sta1405 Статистика Eko3406 Эконометрика</p>
<i>Модуль 3 «Қаржы және несие»</i>	

-әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу мақсатында несие мен ақшаны қолдану түрлері мен әдістерін білу; - ақшалай қаражаттарды басқара және болжай алу; -қаржылық ақпаратты түсіну және түсіндіру.	ANB1407 Ақша, несие, банктер Kar2408 Қаржы
Модуль 4 «Салық және салық есебі»	
- салық түрлері мен салық заңдарын реттеу нормаларын білу; - салық есебінің қағидалары туралы білімдер жүйесін ұйымның есеп саясатын жасау және негіздеу үшін қолдана алу.	SSS2409 Салық және салық салу SE4410 Салық есебі
Модуль 5 « Менеджмент және маркетинг»	
- логистикалық арналар мен логистикалық желілілердің, кәсіпорынның қызметін маркетингтік басқаруды іске асыру мен ерекшеліктерін білу; -ұйымның мақсаттар жүйесін анықтай білу, оларды іске асырудың стратегиясы мен тактикасын әзірлеу; басқару жүйесіне талдауын жасау.	Men1411 Менеджмент Mar1412 Маркетинг Log3407 Логистика
Модуль 6 «Қаржылық есеп»	
- бухгалтерлік есептің негізгі мақсаттары, қызметтері және міндеттерін, бухгалтерлік есептің негізін құраушы қағидаларды, синтетикалық және аналитикалық есеп жүйесі негізінде ұйымның мүліктік және қаржылық жағдайын сипаттай алу қажет; - қаржылық есептің түсініктілік-терминологиялық аппаратын білуі қажет, шаруашылық операцияларын есеп регистрлерінде көрсетудің тәртібін ұғыну; - қаржылық есептің негізгі қағидаларын, қаржылық сипаттағы ақпараттарды жинақтау, өңдеу, дайындау жүйесін білуі қажет; - қаржылық есептің қағидалары туралы білімді ұйымның есеп саясатын құрастыру және негіздеу үшін қолдана алуы керек.	BEK1414 Бухгалтерлік есепке кіріспе KE 2415 Қаржылық есеп KDKE 2416 Кәсіби деңгейдегі қаржылық есеп
Модуль 7 «Басқару есебі»	
- басқару есебінің пәндік аймағына қатысты негізгі категорияларды білу және түсіну, басқарушылық ақпараттарды алу, іріктеу және өзгертуге қолданылатын негізгі әдістер мен технологияларды игеру және оларды тәжірибелік тапсырмаларды шешуде қолдана алу; - ұйым шығындарының құрылымын талдау үшін әртүрлі жіктеулер мен өзіндік құнды калькуляциялау әдістерін қолдану білу; - қысқа және орта мерзімді жоспарлау мақсаттары үшін бюджеттеу негіздерін меңгереді.	BEK 2417 Басқару есебіне кіріспе BE 3418 Басқару есебі KDBE 3419 Кәсіби деңгейдегі басқару есебі
Модуль 8 «Қаржылық-шаруашылық қызметті талдау»	
- кәсіпорынға және оның негізгі құрылымдық бөлімшелеріне экономикалық талдау жүргізу, факторлық талдау нәтижелерін қолдану, кәсіпорынның қаржылық жағдайын және оның даму тенденцияларын анықтау; - қаржылық талдаудың мақсаттары мен бағыттарын, қажетті ақпарат көздерін, қаржылық талдаудың негізгі әдіс-тәсілдерін қолдана алу, қаржылық талдау нәтижесі бойынша нақты қорытынды жасай алу; - басқарушылық талдау жүргізуге қажетті ақпараттарды құрастыру, бизнес сегментінің ерекшеліктеріне сәйкес келетін талдау әдістемесін таңдау, басқарушылық талдаудың әдістерін, тәсілдерін және әдіснамасын қолдану, ұйымның нақты функционалдық бөлімшелері үшін басқарушылық талдау қорытындыларын рәсімдеу.	ETN 2420 Экономикалық талдау негіздері KT 2421 Қаржылық талдау BT 2422 Басқарушылық талдау
Модуль 9 «Аудит және қаржылық есептілік»	
- аудиттің мәнін, мақсатын және ҚР реттелуі, аудиторлық қызметтің қағидаларын білу, аудиторлық дәлелдемелерді жинақтау, аудиторлық тәуекелділікті бағалай алу; - сыртқы аудитті жүргізу және аудиторлық есеп жасау әдістемесін меңгеру; - тиімді есеп саясатын таңдау негізінде есеп пен есептілікті ұйымдастыруды қамтамасыз ету; - есептік және есептілік ақпараттарды аналитикалық тұрғыдан өңдеу.	Aud 3423 Аудит TA 3424 Тәжірибелік аудит Otsh 3425 Есептілік
Модуль 10 «Есептің ақпараттық жүйелері»	
- қазіргі бухгалтерлік жүйенің дамуындағы тенденциялар туралы және ақпараттық технологияларды қолдану аясының әртүрлілі жайлы	BEAZB3426 Бухгалтерлік есептегі ақпараттық жүйелер мен бақылау

<ul style="list-style-type: none"> - басқарудың операциондық, тактикалық және стратегиялық міндеттерін шешуге арналған арнайы бағыттағы бағдарламалық өнімдер туралы білу; - бағдарламалық құралдармен ұйымның бухгалтерлік есебін автоматтандырады. 	<p>BEK4427 Бухгалтерлік есепті компьютерлендіру</p>
<p>3.3 Жеке білім траекторияларының модулдері (ЖБТ)/ТК</p>	
<p>ЖБТ 1 «Қаржы және бюджеттік ұйымдардың бухгалтерлік есеп»</p>	
